

**КЕЛІСЕМІН**  
**Шу ауданы прокуратурасының**  
**прокуроры**  
**Байтанаев Н.А.**  
**2022 жыл 30 шілде**

**ЖАҢА ҚАУЛЫ**  
**күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы**

**Шу қаласы**

**2022 жыл 30 шілде**

Шу АПБ ТБ-нің аға тергеушісі полиция капитаны Кикымбаев Г.К., №223166031000176 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

08 желтоқсан 1990 жылы Шу ауданы, Шу қаласында дүниеге келген [REDACTED] Шу ауданының аумағында меншікке қарсы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегідей жағдайда жасаған;

1-эпизод. Атап айтқанда ол, Шу қаласы, Сатпаев көшесінің бойында орналасқан «Нұрсұлтан» жиһаз сататын дүкеннің жертөресінде орналасқан «М-Ломбард» ЖШС-нің жанында орналасқан бөлмедегі орынға тырнақ шебері болып жұмысқа орналасқан.

Ал, оған дейін «Бақтияр» базарындағы дүңгіршектердің бірінде шаштаразшы болып жұмыс істеген.

Әрі қарай, 2019 жылдың тамыз айында «М-Ломбард» ЖШС-нің жанындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жүріп, соңғыда онай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді аса ірі мөлшерде жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында сеніміне кіретін тұлғаны іздестірген.

Содан өзінің танысы «Бақтияр» базарындағы «Айтош» асханасының аспазшысы болып жұмыс істейтін жәбірленуші Н. [REDACTED] оған тырнағын жөндетуге барған.

Осы кезде ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізу мақсатында, жәбірленуші Н. [REDACTED] сол жердегі «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл

оқиғадан бей хабар болған А. [REDACTED] а арқылы істейтінін айтып сеніміне кірген.

Күдікті Ә [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің жанындағы бос орында жұмыс істеп жүргендіктен сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар екендігіне сеніп жәбірленуші Н [REDACTED], шамамен 2019 жылдың тамыз айының ортасында, алғашқыда өзінің жиған 1 764 000 теңге ақшасын жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында күдікті Ә.Шаймерденоваға қолма-қол берген.

Содан күдікті Ә [REDACTED] айтқандарына және салған ақшасының ай сайынғы пайызын алып отқанына сенген жәбірленуші Н [REDACTED] туыстарынан қарызға алып, оларға ескертпестен күдікті Ә [REDACTED] жұмыс орыны яғни Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекен-жайында орналасқан жұмыс орынына апары қолма-қол және соңғының айтуы бойынша анасы Н. [REDACTED] 8-707-[REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген «Каспий голд» қондырғысына 13.07.2020 жыл 300 000 теңге, 15.09.2020 жылы 119 000 теңге, 27.01.2021 жылы 70 000 теңге, 01.05.2021 жылы 150 000 теңге, 25.05.2021 жылы 250 000 теңге, 19.06.2021 жылы 100 000 теңге, 08.09.2021 жылы 238 000 теңге, 03.11.2021 жылы 300 000 теңге, 05.11.2021 жылы 410 000 теңге, 10.11.2021 жылы 1 000 000 теңге, 23.11.2021 жылы 2000 теңге, 06.12.2021 жылы 993 000 теңге жалпы 3 932 000 теңге, ақша аударымдарын жасап, 10 921 000 теңге ақша қолма-қол жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында беріп отырған.

Осылайша күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Н. [REDACTED] жалпы құны аса ірі мөлшерден асатын 16 617 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді аса ірі мөлшерде жасаған.

2-эпизод. Күдікті Ә [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі ірі мөлшерде бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірі мөлшерде бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2020 жылдың қазан айында өзімен бірге шаштаразшы болып жұмыс істеген Б [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 15 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Г.Акбаева күдікті Ә [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп

айтқанына сеніп, 24.10.2020 жылы «КМФ» банкінен өзінің атына несиеге алған 1 500 000 теңге ақшасына 500 000 теңге қосып 2 000 000 теңге қылып сол күні Шу қаласы, Сатпаев көшесіндегі «Бақтияр» базарында орналасқан шаштаразшы болып жұмыс істейтін дүңгіршегінде күдікті Ә. [REDACTED] қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң ешбір ойсыз 2020 жылдың желтоқсан айынан 2022 жылдың наурыз айына дейін күдікті Ә. [REDACTED] жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында 4 540 000 теңге ақшаны қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г.Ақбаеваға жалпы құны ірі мөлшерде 6 540 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтарында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірі мөлшерде бірнеше рет жасаған.

3-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2021 жылдың сәуір айында жәбірленуші Г. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 12 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сенген.

Алайда, жәбірленуші Г. [REDACTED] науқастанып, Шу қалалық ауруханасында емделіп жатқанда күдікті Ә. [REDACTED] оған қайта-қайта ақша салуын айтуын қоймаған соң, ол 28.04.2021 жылы өзінің отбасымен үй алуға жинап отырған 2500 000 теңге ақшасын енесі И. [REDACTED] және күйеуі Е. [REDACTED] тапсырып күдікті Ә. [REDACTED] апарып беруін өтінген.

28.04.2021 жылы жәбірленуші Г. [REDACTED] өтініші бойынша күйеуі Е. [REDACTED] және енесі И. [REDACTED] а аталған ақшаны Г. [REDACTED] жұмыс орыны яғни, Шу қаласы, Сатпаев көшесінде орналасқан «Бақтияр» базарының ішінде орналасқан «Айтош» асханасында Р. [REDACTED] көзінше қолма-қол қолхат арқылы берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын өсіп жатыр деп ойлап, соңғыдан ай сайынғы пайыз ақшасын алмай жүрген.

Содан жәбірленуші Г. [REDACTED] 2022 жылдың ақпан айында күдікті Ә.Шаймерденовадан берген ақшасының жиналғандағы соммасы қанша болғандығын сұрағанда 4 900 000 болғандығын және өзіне сатып алуға үй іздей беруін айтып сендірген.

Жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] айтқандарына сеніп, өзіне сатып алуға Шу қаласынан үй іздей бастаған.

Сонымен қатар, 2022 жылдың сәуір айында жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] жиналған ақшасын беруін өтінген.

Алайда, күдікті Ә. [REDACTED] оған АҚШ долларының курсы және алтын бағасы көтеріліп жатқанын айтып тағы сендірген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г.Ережеповаға жалпы құны 2 500 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнесенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнешерет жасаған.

4-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі ірі мөлшерде бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірі мөлшерде бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2021 жылдың мамыр айында танысы К. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші К. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, «Сольво», «Жусан», «КМФ» банктерінен несие алып, 07.10.2021 жылы 480 000 теңге, 14.12.2021 жылы 500 000 теңге, 14.12.2021 жылы 240 000 теңге, 31.12.2021 жылы 379 000 теңге, 16.01.2022 жылы 10 000 теңге, 11.02.2022 жылы 25 000 теңге, 15.02.2022 жылы 511 000 теңге жалпы 2 145 000 теңгесін, Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] 8-707 [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә.Шаймерденованың қолданысындағы К. [REDACTED] атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударған.

Осыдан кейін жәбірленуші К. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз

ақшасының қалған бөлігін және алтын бұйымдарын күдікті Ә. [REDACTED] Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында орналасқан жұмыс орынына барып 3 655 000 теңге ақшасын қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші К. [REDACTED] жалпы құны ірі мөлшерде 5 800 000 теңге мүлдіктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтарында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді ірімөлшерде бірнеше рет жасаған.

5-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнеше жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

2021 жылдың мамыр айынанда ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, өзімен бірге Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында орналасқан сұлулық салонында бірге жұмыс істейтін жәбірленуші Ұ. [REDACTED] сеніміне кіру үшін ай сайын пайызбен қайтаратынын айтып жалпы 510 000 теңге ақша сұраған.

Күдікті Ә. [REDACTED] айтқандарына сенген жәбірленуші Ұ. [REDACTED] ешбір ойсыз жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында 2022 жылдың наурыз айына 510 000 теңге ақша қолма-қол берген..

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г. [REDACTED] жалпы құны 510 000 теңге мүлдіктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасаған.

6-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2021 жылдың тамыз айында Н. [REDACTED] келіні жәбірленуші А. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса айсайын ақшасының 10 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 05.08.2021 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 500 000 теңге және «Хоум кредит» банкінен 500 000 теңге несие рәсімдеп және өзінде болған 500 000 теңге ақшасын қосып 1 500 000 теңге қылып, сол күні күдікті Ә. [REDACTED] жұмыс орыны яғни, Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық ақшасын бір мәрте алған соң және сәуір айында салған ақшаларын ай сайынғы алатын ақшасы 30 пайызбен қайтарылатына сеніп, ешбір ойсыз 01.11.2021 жыл 650 000 теңге ақшасын күдікті Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] 8-707-[REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә. [REDACTED] қолданысындағы К.Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударып, 164 000 ақшасын күдікті Ә. [REDACTED] жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқықбұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А. [REDACTED] жалпы құны 2 314 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнәсенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірімөлшерде бірнеше рет жасаған.

7-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстыққұқық бұзушылығы үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолменпайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдаужолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше жасауға бағытталғанқылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзегеасыру мақсатында, 2021 жылдың қыркүйек айының ортасында құрбысы жәнеотбасы болып араласатын жәбірленуші Ж. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанынаытып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, істен бейхабар болған А. [REDACTED] арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Ж. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 11.10.2021 жылы 50 000 теңге, 12.10.2021 жылы 450 000 теңге, 31.10.2022 жылы 1 000 000 теңге, 26.02.2022 жылы 960 000 теңге, 26.02.2022 жылы 200 000 теңге және 11.04.2022 жылы 380 000 теңге жалпы 3 040 000 теңге ақшаларын күдікті Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] -707-[REDACTED]

87 абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә.Шаймерденованың қолданысындағы К.Н. [REDACTED] атаулы «Каспий голд» қондырғысына өзінің атынан, анасы Ш. [REDACTED] және күйеуі Б. Четтикбаевтың атынан аударып отырған.

Жәбірленуші Ж. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] жасаған аударымдарынан, 1 090 000 теңге ақшасы алтынға инвестиция ретінде қайтарылса, 1 950 000 теңгесі қайтарылмаған.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқықбұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Ж. [REDACTED] жалпы құны 1 950 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнесенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнешерет жасаған.

8-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстыққұқық бұзушылығы үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі ірі мөлшерде бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірі мөлшерде бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзегеасыру мақсатында 2021 жылдың қазан айында өзінің құрбысы жәбірленуші Н. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Жәбірленуші Н. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] айтқандарына ойланып жүріп, оның «М-Ломбар» ЖШС-нің жанындағы орында жұмыс жасап жатқанын және сол ЖШ-нің қызметкерлерімен байланысы бар деген оймен сеніп 22.10.2021ж. КМФ банкінен өзінің атына 1 000 000 теңге ақша несиеге алып, Ә.Шаймерденованың жұмыс орынында яғни, Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында қолма-қол берген.

Әрі қарай, күдікті Ә. [REDACTED] айтқандарына сеніп, 25.10.2021 жылы өзінің анасынан қарызға 1 000 000 теңге ақша алып, оны да күдікті Ә. [REDACTED] жоғарыда көрсетілген жұмыс орынына апарып, қолма-қол берген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің алдауына түскен жәбірленуші Н. [REDACTED] біліп қоймас үшін салған ақшасының 20 пайызы ретінде 2021 жылдың қараша айының басында 200 000 теңгесін беріген.

Содан күдікті Ә. [REDACTED] іс-әрекетіне еш күдіктенбеген жәбірленуші Н. [REDACTED] өзінің және күйеуі Б. [REDACTED] атынан «Каспий банкінен» несиелер алып, күдікті Ә. [REDACTED] айтуы бойынша ақшаның бір бөлігін күдікті Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] 8-

707 [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә [REDACTED] қолданысындағы К.Н [REDACTED] ы атаулы «Каспий голд» қондырғысына 02.02.2021 883 000 теңге, 26.02.2022 жылы 300 000 теңге жалпы 1 183 000 теңге ақшаларын өзінің атынан және күйеуі Б. [REDACTED] атынан аударса, 3 517 000 теңге ақшасын соңғының жұмыс орыны яғни Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында қолма-қол беріп отырған.

Осылайша күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық құқықбұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Н.Копбаеваға жалпы құны ірі мөлшерде 6 500 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтарында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірі мөлшерде бірнеше рет жасаған.

9-эпизод. Күдікті Ә [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2021 жылдың желтоқсан айының 05-күні өзінің жұмыс орыны яғни, Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында орналасқан сұлулық салонында еден жуушысы А. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақшасалса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтып сенімге кірген.

Әрі қарай, жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 2021 жылдың желтоқсан айының 05-күні «Каспий банкінен» 500 000 теңге ақша өзінің атына несие алып, сол күні Ә.Шаймерденованың жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте яғни 400 000 теңгесін алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз 19.02.2022 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 500 000 теңге несие рәсімдеп, күдікті Ә. [REDACTED] жоғарыда көрсетілген жұмыс орынына барып, қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген. Күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А. [REDACTED] жалпы құны ірі мөлшерде 600 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау

жәнесенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнешерет жасаған.

10-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2021 жылдың желтоқсан айының 18-і күні құрбысы әрі отбасы болып араласатын жәбірленуші Г. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 17 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар болған А. [REDACTED] арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Г.Узденова күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 2021 жылдың желтоқсан айының 21-күні 1 000 000 теңге «Каспий банкінен» 1 000 000 теңге ақша несие алып, сол күні Ә.Шаймерденованың анасының атына тіркелген, бір-ақ күдікті Ә.Шаймерденованың қолданысындағы К. [REDACTED] атаулы «Каспий голд» қондырғысына ЖСН арқылы Шу қаласы, Ж. [REDACTED] көшесінде орталық базарға қарама-қарсы орналасқан «Голд Империя» сауда үйіндегі теримнал арқылы аударған.

Осыдан кейін жәбірленуші Г.Узденова күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз 27.02.2022 жыл 400 000 теңге ақшасын күдікті Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] 8-707-[REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә. [REDACTED] қолданысындағы К.Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударса, 240 000 теңгесін соңғының Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында орналасқан жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқықбұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г. [REDACTED] жалпы құны 1 640 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнесенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнешерет жасаған.

11-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2021 жылдың желтоқсан айының соңында құрбысы Н. [REDACTED] туған әпкесі жәбірленуші Р. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Р.Рахманова күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 2021 жылдың желтоқсан айының соңында 1 000 000 теңге ақшасын алып күдікті Ә.Шаймерденованың жұмыс орыны яғни Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Р. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз күдікті Ә.Шаймерденованың анасы Н.Картабаеваның 8-707-[REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә. [REDACTED] қолданысындағы К.Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына 25.04.2022 жылы 950 000 теңге, 25.04.2022 жылы 50 000 теңге, 18.04.2022 ж. 550 000 теңге ақша аударып, қалған 225 000 теңге ақшасын соңғының жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Р.Рахмановаға жалпы құны 2 775 000 теңге мүлдік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнәсенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнәшерет жасаған.

12-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнәше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнәше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2022 жылдың ақпан айында Н. [REDACTED] туған әпкесі жәбірленуші А. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса айсайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен хабары жоқ А.Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 2022 жылдың ақпан айында «Халық банкінен» өзінің атынан 1 000 000 теңге ақша несиеге алып алып, Ә. [REDACTED] анасы

Н.Картабаеваның 8-707 [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә.Шаймерденованың қолданысындағы К.Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударған.

Осыдан кейін жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз 2022 жылдың ақпан айынан сәуір айлары аралығында күдікті Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] 8-707- [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә. [REDACTED] қолданысындағы К. [REDACTED] атаулы «Каспий голд» қондырғысына 1 350 000 теңге ақша аударған.

Осылайша күдікті Ә.Ш. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А.Рахмановаға жалпы құны ірі мөлшерде 2 350 000 теңге мүлдіктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасаған.

13-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2022 жылдың ақпан айында құрбысы Ж.Алиманованың Алматы қаласынан келгенін біліп, соңғының қал-жағдайын сұрауды сылтауратып, мекен-жайына барған.

Әрі қарай екеуі өзара сөйлесу барысында күдікті Ә. [REDACTED] құрбысы Ж. [REDACTED] сеніміне кіру үшін, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 6 айдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Ж. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] бала кезінен бірге өсіп, Алматы қаласында бір жатақанада тұрып жақсы араласқанынан кейін сеніп, өзінің жинаған ақшасынан 1 000 000 теңгені алып, күдікті Ә. [REDACTED] өзінің Шу қаласы, Төлебаев көшесі №3 мекенжайында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Ж. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық ақшасын бір мәрте алған яғни 150 000 теңге.

Сонымен қатар, күдікті Ә. [REDACTED] жәбірленуші Ж. [REDACTED] алтынға инвестиция құны алтынның бағасы және АҚШ долларының бағасы көтеріліп жатқанын айтып, енді салынған ақша ай сайын 30 пайызбен түсетіні туралы айтып сендірген.

Оның бұл алдауына жәбірленуші Ж. [REDACTED] ешбір ойсыз сеніп, өзінің жинаған ақшасын 1 500 000 теңге ақшасын күдікті Ә [REDACTED] жоғарыда көрсетілген мекенжайында қолма-қол берген.

Әрі қарай, күдікті Ә [REDACTED] 2022 жылдың наурыз айында жәбірленуші Ж. [REDACTED] салған ақшасының пайызы ретінде 350 000 теңге ақша берген.

Осылайша күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Ж.Алимановаға жалпы құны ірі мөлшерде 2 000 000 теңге мүлктік залалкелтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасаған.

14-эпизод. Күдікті Ә [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстыққұқық бұзушылығы үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолменпайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдаужолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында 2022 жылдың наурыз айының 18 күні танысы жәбірленуші Р [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар А.Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Жәбірленуші Р [REDACTED] күдікті Ә [REDACTED] айтқандарына ойланып жүріп, оның «М-Ломбард» ЖШС-нің жанындағы орында жұмыс жасап жатқанын және сол ЖШС-нің қызметкерлерімен байланысы бар деген оймен сеніп өзінің күйеу баласы К [REDACTED] 1 000 000 теңге қарызға алып, 21.03.2022ж. 990 000 теңге, ақшаны жәбірленуші Н. [REDACTED] күйеуі Б [REDACTED] атынан, күдікті Ә [REDACTED] айтуы бойынша соңғының анасы Н [REDACTED] 8-707 [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә [REDACTED] қолданысындағы «Каспий голд» қондырғысына аударып, 10 000 теңгесін соңғының жұмыс орынында қолма-қол берген.

Күдікті Ә [REDACTED] өзінің алдауына түскен жәбірленуші Р [REDACTED] біліп қоймас үшін салған ақшасының 20 пайызы ретінде 20.04.2022 жылы 200 000 теңгесін беріп, соңғыға осы айда ақша салатын болса 30 пайызбен қайтарылатынын айтып сендірген.

Күдікті Ә [REDACTED] н сөзін естіген жәбірленуші Р.Сейтпенбетова соңғыдан алғашқы салған ақшасы үшін пайызын алғанын сеніп, ақшасын көбейту мақастында күдікті Ә [REDACTED] үйінде болған 800 000 теңге ақшасын, өзінің Шу қаласы, [REDACTED] көшесі №16 мекенжайында қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Н.Копбаеваға жалпы құны 1 600 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасаған.

15-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі оңай жолмен бірнеше рет пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2022 жылдың наурыз айында танысы А. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар А.Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 24.03.2022 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 800 000 теңге несие алып, күдікті Ә. [REDACTED] жұмыс орынына барып қолма-қол қолхат арқылы берген.

Осыдан кейін жәбірленуші А. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң және сәуір айындасалған ақшаларын ай сайынғы алатын ақшасы 30 пайызбен қайтарылатына сеніп, ешбір ойсыз 26.04.2022 жыл «КМФ» банкінен өзінің атына 840 000 теңге несие рәсімдеп, сол күні күдікті Ә. [REDACTED] жұмыс орыны яғни Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А. [REDACTED] жалпы құны 1 640 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасаған.

16-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру

немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2022 жылдың наурыз айында өзіне тырнағын жөндетіп жүрген жәбірленуші Г. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса аяқсайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар болған А. [REDACTED] арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 24.03.2022 жылы «Хоум кредит» банкінен өзінің атына 1 000 000 теңге несие алып, сол күні күдікті Ә. [REDACTED] күйеуі Е. [REDACTED], Ш. [REDACTED] және А. [REDACTED] қатысуында Шу қаласы, Сатпаев көшесінде орналасқан «Сауда Сервис» орталық базарындағы сауда орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Г. [REDACTED] күдікті Ә. [REDACTED] берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте яғни, 300 000 теңгесіне алған соң және сәуір айында салған ақшаларын ай сайынғы алатын ақшасы 30 пайызбен қайтарылатына сеніп, ешбір ойсыз 20.04.2022 жыл «Каспий банкінен» өзінің атына 1 000 000 теңгенесие рәсімдеп, 24.04.2022 жылы күдікті Ә. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] 8-707 [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә. [REDACTED] қолданысындағы «Каспий голд» қондырғысына 20.04.2022 жылы 3-мәрте яғни, 500 000 теңге, 400 000 теңге және 100 000 теңге ақша аударымдарын жасаған.

Осылайша күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г.Омбаеваға жалпы құны 1 700 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнәсенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнешерет жасаған.

17-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, 2022 жылдың сәуір айының 27-күні жәбірленуші К. [REDACTED] сеніміне кіру үшін, соңғының Шу қаласы, Алтынсарин көшесі 4-ші бұрылыс 9-шы мекенжайына барып, жаңадан сұлулық салонын ашқанын және соған орындық алатынын, соған ақша сұрап, ай сайын пайызбен қайтаратынын айтып жалпы құны 1 500 000 теңге ақшасын иемденген.

Осылайша күдікті Ә.Ш. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә.Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші К.Рахмановаға жалпы құны 1 500 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, [REDACTED] ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау жәнесенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнешерет жасаға.

18-эпизод. Күдікті Ә. [REDACTED] а өзінің жоғарыда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазықсыз қалғанын ескеріп, одан әрі бірнеше рет оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқырунемесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасауға бағытталған қылмыстық ойы туындаған.

Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзегеасыру мақсатында, 2022 жылдың сәуір айының басында өзімен бірге Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында орналасқан сұлулық салонында жұмыс жасайтын жәбірленуші А.А. [REDACTED] сеніміне кіру мақсатында, пайызға 400 000 теңге ақша бере тұруын айтып, 20 пайызын ай сайын қайтарып тұратынын айтқан.

05.04.2022 жылы сонғының айтқанына сенген жәбірленуші А.А. [REDACTED] ешбір ойсыз, өзінде болған 400 000 теңге ақшаны күдікті Ә.Ш. [REDACTED] анасы Н. [REDACTED] абоненттік нөміріне тіркелген, бір-ақ күдікті Ә. [REDACTED] қолданысындағы «Каспий голд» қондырғысына аударған.

Әрі қарай, ол алған бетінен қайтпай жәбірленуші А. [REDACTED] ақша бар екендігін нақты біле тұра, тағы да ай сайын 20 пайызбен қайтарып тұратынын айтып, 300 000 теңге сұраған.

Оның айтуына сенген жәбірленуші А. [REDACTED] ешбір ойсыз күдікті Ә. [REDACTED] 300 000 теңге ақшасын, шамамен 10.04.2022 жылы Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекенжайында орналасқан жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін күдікті Ә. [REDACTED] а жәбірленуші А. [REDACTED] сеніміне қиянат жасау мақсатында жаңадан сұлулық салонын салатынын және әр шеберге бөлек-бөлек бөлме беретінін, өз атына 500 000 теңге несие алып, ай сайын өзі төлеп тұратынын айтып сендірген.

Оның айтқанына жәбірленуші А.А. [REDACTED] сеніп, 10.04.2022 жылы «Каспий банкінен» өз атына 500 000 теңге ақша алып, күдікті Ә. [REDACTED] жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында сол күні яғни 10.04.2022 жылы 500 000 теңге ақшаны қолма-қол берген.

Алайда, күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмысын әшкериеелемеу үшін жәбірленуші А. [REDACTED] атынан алынған несиенің 1 ай 52 000 теңгесін төлеп қалғанын төлемеген.

Осылайша күдікті Ә. [REDACTED] өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізген.

Күдікті Ә ██████████ өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А ██████████ жалпы құны ірі мөлшерде 1 148 000 теңге мүлдіктік залал келтірген.

Сонымен, ██████████ ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмысты алаяқтық яғни, бөтеннің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлдікке құқықты иемденуді бірнеше рет жасаған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде күдікті күдікті ██████████ ██████████ 08.09.1990 ж.т., Шу ауданы, Шу қаласында туып-өскен оның іс-әрекеттерін ҚР ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы және ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтары бойынша саралауға.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 60, 198, 203, 204, 206, 207-баптарын басшылыққа ала отырып,

### ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті ██████████ ██████████ 08.09.1990 ж.т., Жамбыл облысы, Шу ауданында туып-өскен, оның іс-әрекеттерін ҚР ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы және ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтары бойынша саралауға.

2. Осы қаулы көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауды.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлауды.

**Шу АПБ ТБ-нің аға тергеушісі  
полиция капитаны**

**Кикымбаев Г.К.**

ҚР ҚПК-нің 64- бабымен көзделген құқықтары түсіндірілді:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін онаша және құпия кездесуге; 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; 8) айғақ беруден бас тартуға; 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; 10) дәлелдемелерді ұсынуға; 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацацияны жүргізу үшін пробацация қызметіне жүгінуге; 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің

өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процесік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процесік келісімді жасасуға; 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге; 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-нің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процесік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесі жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; 24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

*ҚР ҚПК 206 бабына сәйкес осы қаулы маған жарияланды, күдіктінің мәні және күдіктінің құқықтары түсіндірілді. Қаулының көшірмесін алдым.*

**Күдікті:**

 .А.

Қаулы күдікті Шаймерденова Ә.А. 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ ордерді ұсынған қорғаушы Қорғаушының ТАӘ қатысуымен жарияланды.

*Қаулымен таныстырылды:*

**Күдікті:**

30.07.2022

 Ә.А.

**Қорғаушы:**

30.07.2022

**Г.Саржанов**

*Қаулыны жарияланды:*

**Шу АПБ ТБ-нің аға тергеушісі  
полиция капитаны**



**Кикымбаев Г.К.**

Құжатты дайындады және қол қойды: Кикымбаев Г.К., 30.07.2022 жылы 17:51 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), [erdf@kgp.kz](mailto:erdf@kgp.kz)  
Құжатты келісілді: Байтанаев Н.А., 30.07.2022 жылы 17:57 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), [erdf@kgp.kz](mailto:erdf@kgp.kz)



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды